

культуры и спорта, обеспечению экологического, санитарно-эпидемиологического благополучия, а также гарантированию на этой основе каждому конституционного права на охрану здоровья и медицинскую помощь[9].

Список использованной литературы

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года.// Ведомости Парламента Республики Казахстан, 1996 г., N 4, ст. 217 с изм. и доп. от 10.03.2017 г.
2. Всеобщая декларация прав человека. Принята резолюцией 217 А (III) Генеральной Ассамблеи ООН от 10 декабря 1948 года // Официальный сайт Организации объединенных наций. URL: <http://www.un.org/ru/>
3. Международный пакт об экономических, социальных и культурных правах. Принят резолюцией 2200 А (XXI) Генеральной Ассамблеи от 16 декабря 1966 года // Официальный сайт Организации объединенных наций. URL: <http://www.un.org/ru/>
4. О здоровье народа и системе здравоохранения. Кодекс Республики Казахстан от 18 сентября 2009 г.// «Казахстанская правда» от 29.09.2009 г., № 230-231 с изм. и доп. по состоянию на 10.05.2017 г.
5. Международный пакт о гражданских и политических правах // Принят 16.12.1966 Резолюцией 2200 (XXI) Генеральной Ассамблеи ООН на 1496-ом пленарном заседании// Официальный сайт Организации объединенных наций. URL: <http://www.un.org/ru/>
6. Международные акты о правах человека: сборник документов. — М.: Издательская группа НОРМА-ИНФРА.М, 1998. — 784 с.
7. Primary Health Care. Report of the International Conference on Primary Health Care, Alma-Ata, USSR, 6-12 September 1978, WHO, 1978. -P.2.
8. Государственная программа развития здравоохранения РК «Саламатты Қазақстан» на 2011 – 2015 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 29 ноября 2010 г. № 1113 // «Казахстанская правда»
9. Здоровье-2020 – основы европейской политики и стратегия для XXI века. Официальный сайт ВОЗ // <http://www.euro.who.int/>

МИГРАНТ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Сиязбекова Д.Т.,

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 2-курс магистранты

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған сәттен бастап ТМД аясындағы мемлекеттер арасында өзара көшіп-қон үрдісі күрт көбейіп кетті. Оның бірден-бір басты факторы соғыс тұсында көшіп-қону саясатының құрбаны болған ұлттардың өз отандарына қайтулары. Яғни, XX ғасырдың соңғы онжылдығында болған посткеңестік кеңістіктегі түбегейлі саяси және әлеуметтік-экономикалық трансформациялар, Қазақстан Республикасының аумағында айналып өтпеді. XX ғасырдан бастап Еуропалық мемлекеттердің көші-қон саясатын қолдауы, ұлттардың өз әлеуметтік жағдайларын жақсарту мақсатында өмір сүру үрдісі жоғары дамыған мемлекеттерге көшіп кетуінің әдетке айналуы орын алды.

Қазақстан Республикасында көші-қон мәселесі келесі себептерге байланысты туындап отыр, экономикалық-әлеуметтік негіздемелер: жұмыс іздеу, өмір сүру үрдісін көтеру және қауіпсіздігін қамтамасыздандыру мәселелерімен көршілес мемлекеттерден келушілердің саны көбейіп кетті. ЕХРО-2017 бағдарламасы тұсында алыс мемлекеттерден келіп жұмыс істеушілердің де саны артты. Сонымен қатар, Қазақстан тәуелсіздікті алғаннан кейінгі қазақтардың алыс шетелдерден өзінің тарихи Отанына қоныс аударуы, ауылдық жерден қалаға қоныс аудару сияқты үрдістердің өзі бір фактор болып табылады.

Бұл мәселесінің екінші жағы – Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттерге, әсіресе Еуропа елдері, АҚШ, Сирия және Кореяға әртүрлі себептермен көшіп кетушілердің саны артып отыр. Сирияға көшіп кетушілердің басым көпшілігі діни саясаттың құрбандары болғандығы анық, ал қалған мемлекеттерге көшудің себептерін анықтау ұлттық көші-қон қызметіне жауапты органдарының басты міндеті.

2009 жылы әлемде 214 миллион халықаралық мигранттар бар екендігі анықталған. [1]Ал, қазіргі таңда әлемдік халықтың шамамен 3% - ын құрайтын 258 миллион адам өзі дүниеге келген елдерден тыс жерде өмір сүреді екен.[2] Халықаралық көшіп-қонушылардың 48% әйелдер болып табылады; қазіргі уақытта олардың көпшілігі басқа көшіп-қонушылардың отбасыларының құрамында емес, өз бетінше қозғалуда.[3] Мигранттар - әдетте өзі тұратын елден немесе өз ұлтына тиесілі мекеннен басқа елге қоныс аударатын адамдар. Мигрант экономикалық немесе білім беру себептері бойынша не қудалаудан, адам құқықтарының бұзылуын, өмірге немесе дене бітіміне қол сұғылмаушылыққа, соғысты немесе азаматтық қақтығысты болдырмау үшін көшіп-қонуы мүмкін. Мигранттың шет мемлекеттің аумағына келу немесе керісінше кету әрекеті тұрғысынан бірнеше топтарын бөліп көрсетуге болады: заңды мигранттар, құжатсыз мигранттар, баспана іздеушілер, қорғауға мұқтаж өзге де мигранттар.

Бала құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы маңызды кешендік халықаралық құжат ретінде БҰҰ-ның 1989 жылғы «Бала құқықтары туралы конвенциясы» мен оның қосымша хаттамалары танылады. Қарастырылып отырған тақырыпқа сәйкес, нақты немесе арнайы мигрант балалардың құқықтарын қарастыратын бірыңғай халықаралық құжаттың жоқтығын байқауға болады. Мұндағы басты көтеретін мәселе – мигранттардың құқықтарын қамтамасыз ету, оның ішінде әсіресе мигрант-балалардың құқықтарын реттеу болып табылады. Өйткені, ересек мигранттар өз құқықтарын қамтамасыз етуге қабілетті, ал мигрант балалар қабілетсіз. Осы тұста балалардың халықаралық құқықтарының бөлінбейтін және абсолютті құқық екендігін естен шығарып алатын сияқтымыз. Олай дейтініміз, шетелдіктердің құқықтарын реттейтін ұлттық заңнамалардың басым көпшілігінде балалардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған ережелердің қарастырылмауы.[4] Оған себеп, «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің» 23 бабына сәйкес, «отбасы қоғам мен мемлекет тарапынан қорғалуға құқылы».[5] Сонымен қатар, «Бала құқықтары туралы конвенцияның» 9 бабының 1 тармағына сай, «мемлекеттер баланың өз ата-анасымен олардың қалауынан тыс ажырамауын қамтамасыз етуі тиіс».[6]

Халықаралық тәжірибеге негізделетін болсақ, мигранттардың балаларына қатысты туындайтын мәселе білім алу, денсаулығын сақтау және тұрғын үй құқықтарын қорғау. Сонымен қатар, мигранттарға Қазақстан Республикасында тұру құқығын беретін рұқсат мерзіміне қатысты жиі қиындықтар туындайды екен. Оның басты себебі ретінде, Халықтың көші-қоны туралы» Заңының 43-2 бабының 1 тармағын негізге келтіруге болады, яғни «рұқсат беру туралы өтініште көрсетілген мерзімге еңбекші көшіп келушіге рұқсат беріледі

және ол бір, екі немесе үш айды құрауы мүмкін және еңбекші көшіп келушіге рұқсат берудің ең ұзақ мерзімі он екі айдан аспауға тиіс».[7] Бұл мерзімнің берілу тәртібі мен мерзімі біткеннен кейінгі өз еліне барып келу тәртібі бойынша еңбекші мигрант аспектісінде балалардың өзекті болып табылатындығына қарамастан мигрант балалардың құқықтары мүлдем ескерілмеген. Біріншіден, білім алу үшін мектепке тіркелу әрине Қазақстан Республикасында тұру құқығын беретін тиісті рұқсат қағазын талап етеді. Екіншіден, баланың денсаулығын қарату мен емдеу тұрғысынан қиындықтар туындайды және поликлиникаға тұрақты тіркелу де тиісті рұқсат қағазына тәуелді. Үшіншіден, тұрғын үй мәселесіне қатысты қиыншылықтар. Тұрғын үйінің мекен-жай жиі ауысатын болса, онда мектеп те, поликлиника да ауыстырылуы тиіс. Ата-анасы еңбекші мигранттар үшін алдымен үш айға берілетін және 12 айдан аспайтын уақытқа рұқсаттың берілуі көптеген қиындықтарды туындатады. Әрине, мұндай мерзім беру барысында мигрант балалардың жағдайын бірінші кезекте қарастыру керек деп санаймын. Яғни, балалар үздіксіз білім алу құқығынан айырылады, денсаулығы дұрыс қаралмайды және тұрғылықты мекен-жайының жайсыздығы баланың келешегіне қауіп төндіреді. Бұл кедергілерді ескеретін болсақ, онда Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық шарттарда көзделген «мигранттарды отбасы мүшелерімен қосу» мәселесін қамтамасыз ету мүмкін емес. Осыған байланысты, мигранттардың қандай санаты болмасын, оларға тұру рұқсатын беру мен мерзім аралығын белгілеу кезінде мигрант балалардың құқықтары мен бостандықтарының ескерілуі тиіс деп санаймын.

Өзге мемлекеттерде мигрант балалардың білім алуына қатысты атқарылып жатқан шараларға талдау келтіре кететін болсақ, Барлық балалардың құқықтық мәртебесіне қарамастан, яғни мигрант балалардың білім алу құқығы Аргентина, Бельгия, Испания, Италия, Таиланд, Нидерланды, Уругвай және Чилиде заң жүзінде қарастырылған. Францияда осы мәселеге арнайы қаржы бөлінеді. Италия көшіп-қонушы балаларға, олардың мәртебесіне қарамастан, итальяндық балаларға сияқты жағдайларда білім алу құқығына кепілдік береді. 1998 жылғы «Көшіп-қону туралы» ұлттық заңнамасы білім алу құқығын қамтиды. Ол мигрант балаларға міндетті білім беруді, итальян тілін оқытуды және мигрант балалардың шыққан елдерінің мәдениеті мен тілін көтермелеуді көздейді. Жоғарыда келтірілген деректерге сәйкес, Қазақстан Республикасы мигрант балалардың білім алуына барынша қолдау көрсетуі керек. Нақтырақ айтқанда, қазақ тілін тегін оқыту, орта мектептерге орналасу рәсімдерін жеңілдету, ең бастысы білім алудан бас тарқан балаларды олардың мәртебесіне қарамастан міндеттеу шаралары аясында реттеуді қолға алуы халықаралық стандарттарға икемделуін білдірер еді.

«Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының» 25-бабына сай «Әр адам өзінің және отбасы мүшелерінің денсаулығын әл-ауқатын қамтамасыз ететіндей медициналық күтімді қамтитын өмір сүру деңгейіне құқылы».[8] Ең бастысы, Ана және нәресте болу жағдайы айрықша қамқорлық пен көмек алуға құқық береді».[9] Бельгия, Италия, Нидерланды мен Франция заңсыз мигранттарға бірқатар медициналық қызметтерге қол жеткізу үшін әкімшілік жүйелерді енгізген. Барлық балалардың, оның ішінде мигрант балалардың медициналық қызмет көрсетуге тең қол жеткізу құқығы Грецияда, Португалияда, Румынияда және Испанияда заңнамалық тұрғыдан қарастырылған.

Келтірілген шетел тәжірибелері негізінде Қазақстан Республикасына мигранттардың ұлттық денсаулық сақтау жүйесіне қолжетімділігін арттыру; бірқатар қауіпті ауру түрлеріне қатысты субсидияланатын медициналық көмек көрсетілуін қарастыру; медициналық карта алу және медициналық мекемеге тіркелу рәсімдерін барынша жеңілдету; жүкті мигрант

әйелдердің денсаулығын сақтау үшін арнайы бағдарламалар құру және де Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын сақтау мақсатында республикаға келген барлық мигранттарға ретровирусқа қарсы терапияны тегін ұсыну маңызды болып табылады деп ойлаймын.

Мигранттардың тұрғын үй мәселесі меншікке деген құқықтық қатынасқа негізделген халықаралық жеке құқық аясында реттеледі. Көптеген мемлекеттерде тұрғын үйге деген мигранттардың құқықтарын «жеткілікті өмір сүру деңгейіне деген құқық» ретінде қарастырады. Халықаралық тәжірибеге негізделетін болсақ, тұрғын үйге деген құқық мәселесі жеке қарастырылмайды, себебі ол білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, тұрғын үй, жұмыспен қамту және психоәлеуметтік көмек сияқты салаларды қамтитын кешеннің құрамына кіреді. Тіркеу мәселесін біржүйелендіру көптеген мемлекеттерде, оның ішінде Қазақстан Республикасында да өзекті болып отыр. Осыған байланысты қандай да бір себептермен міндетті тіркеуді бұзған мигранттарды қылмыскер ретінде емес, керісінше оларға қолдау көрсету тұрғысынан қарастыру халықаралық тәжірибеге сай келер еді және мигрант балаларға қатысты тиісті құқықтарды ұсына алар едім.

Қорытындылай келе, мигрант балалардың білім алу, медициналық көмек алу мен тұрғын үй құқықтарын қорғау мәселелерін қарастырып, келесідей тұжырымға келдім. ҚР-ның Білім беру туралы заңының 8-бабының 2-тармағы «ҚР тұрақты тұратын адамдардың ҚР азаматтарымен бірдей мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуға құқығы бар» делінген.[10] Яғни, бұл бап тұрақты тұрмайтын, оның ішінде белгісіз себептермен тұрақты тіркелмегендерді қосқандағы азаматтардың білім алуын шектейді және осы заңның 3-бабының 1.1-тармағын бұзады, яғни «баршаның білім алуы» деп ҚР территориясында жүрген әрбір адамды айтуға негіз бар. Білім беру туралы заңдағы қайшылықтарды жою үшін 8-бабының 2-тармағы «ҚР тұрақты тұратын» сөздерін «әрбір адамның» деп алмастыру «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінінің» 14-бабындағы «бірдей міндетті тегін білім беру принципін» толық сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, елімізде мигрант балалардың білім алу құқығын қамтамасыз етеді. ҚР Халықтың көші-қоны туралы заңында қазақ тілін оқыту мүлдеп қарастырылмаған. Италияның 1998 жылғы «Көшіп-қону туралы» ұлттық заңнамасы білім алу құқығын қамтиды, оның ішінде «тілді оқу міндетті» Бұл ретте Италияның тәжірибесін ҚР ұлттық заңнамасында қарастыру «қазақ тілін оқыту» саясатын толық жүзеге асыруға септігін тигізер еді. Себебі, ҚР-ға уақытша келген шетелдіктер орыс тілін оқуды жөн санайды. Осылайша, біз өз ана тіліміздің мәртебесін көтерер едік.

ҚР Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі кодексінің 78 бабының 6-тармағына сәйкес, «АИТВ инфекциясын жұқтырған балалардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау алуға құқығы бар».[11] Бұл ретте тек мигрант балаларға тегін беріледі. АИТВ инфекциясы дегеніміз адамның иммун тапшылығы вирусы туындатқан, иммундық жүйенің ерекше зақымдануымен сипатталатын және жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы қалыптасқанға дейін оның баяу бұзылуына алып келетін созылмалы инфекциялық ауру.[11] Ал, Ұлыбритания ретровирусқа қарсы терапияны жүргізу тәжірибесіне сай өмір сүретін барлық адамдарға, олардың мигранттық мәртебесіне қарамастан елде тегін ұсынады. Елге енді келген мигранттар міндетті түрде тексеріледі және емделеді» екен. Осы тәжірибеге сай ҚР Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі кодексіне тек балаларға ғана емес, ҚР территориясында жүрген АИТВ-пен ауыратын адамдардың бәріне, оның ішінде мигранттарға да тегін емдеу жүйесін енгізу

ережесін қарастыруды ұсынамыз. Егер мигрант баланың ата-анасы АИТВ-пен ауыратын болса, онда баланы емдегеннен ешбір пайда жоқ, себебі оның қайту жұғу ықтималдылығы басым». Сонымен қатар, ҚР Конституциясының 29-бабындағы Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы» деген ережеге «әрір азаматтың» деп өзгерту енгізу қажет. Тегін емдеу жүйесін енгізудің басты мақсаты «қазақстандық азаматтардың денсаулығын сақтауды кепілдендіру және мигрант балалардың құқығын қорғау.

«Халықтың көші-қоны туралы» заңында немесе Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңында мигранттарды үймен қамтамасыздандыру мәселесін қарастыруды ұсынамын. Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқтар, олардың қатарында мигранттардың міндетті тіркелуін заңнамалық тұрғыдан еңгізгелі бері Қазақстанда мигранттар тарапынан міндетті тіркелу талаптарын бұзу тұрғысынан құқықтардың бұзылуы жиілеп кетті, бұл әсіресе мигрант балалар үшін қиындық туғызады. Себебі, жалға алушылар да, жұмыс берушілер де балаларды ата-аналарымен бірге тіркеуге көп жағдайда келісе қоймайды. Ал тіркеу ережелерін бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік еңгізілгеннен кейін ең қорғалмаған мигранттардың қатарын олардың балалары құрап отыр. Созылмалы пәтерлерді тексеру нәтижесінде Қазақстан Республикасында жүрген қаншама мигрант балалардың білімге, медициналық көмекке деген құқықтарының шектеліп отырғандығы анықталды. Осыған орай, мигрант балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында арнайы тіркеу жүйесі мен мигрант балалармен айналысатын көші-қон мекемесінің жанынан арнайы кеңсе ашу тиімдірек болар еді және бұл кеңсе қандай да бір себептерге байланысты тіркелмей қалған балаларды уақытша тіркеуге қойып, олардың білім алу, медициналық көмек алу және тұрғын үй жағдайын тұрақты тексеріп отыратын болса, онда Қазақстан Республикасының мигрант балаларды қорғау саласындағы беделін халықаралық аренада асқақтатар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Международная трудовая миграция, правовой подход. Женева: Международное бюро труда. 2010. С. 1.;
2. Миграция и права человека // <https://www.ohchr.org/RU/Issues/Migration/Pages/MigrationAndHumanRightsIndex.aspx>;
3. Документ ООН №CEDAW/C/2009/WP.1/R, 5 декабря 2008 г., п. 8.;
4. Заключение № 85 (XLIX), О международной защите, Исполком, УВКБ, 49-я сессия, 1998 г., п. (w);
5. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы №91 «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091>;
6. Конвенция о правах ребенка, принята резолюцией 44/25 ГА от 20 ноября 1989 года // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml;
7. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000477>;
8. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсанда резолюциясымен қабылданған №217 А (III) ;
9. «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001/>;

10. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_;

11. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодексі» // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K090000193_ .

ӘСКЕРИ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ӨТЕУ БАРЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ АРНАЙЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Ислямова А.А.,

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті заң факультетінің магистранты
(ғылыми жетекші — Мусин Қ.С., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к., PhD докторы)*

Әскери қызметшілердің арнайы құқығы болып табылатын заңнамада бекітілген жеңілдіктер қатарын басқа қоғамдық өмір саласындағы азаматтардан ерекшелейтін олардың өздері мен отбасыларына байланысты салық төлеуге, жүк тасымалдауға, тұрғын үймен қамтамасыз ету және т.б. жатады.

Әскери қызметті өткеруіне байланысты мүлкін жоғалтқанда немесе жойылғанда үстемақы материалдық құқықтық сипатта болады.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасыларына қатысты жеңілдіктер өндірістің әр түрлі саласында көрініс табады. Қоғамдық және мәдени өмірде. Біреуі әскери қызметті өту кезінде, ал келесісі әскери қызметтен запасқа және отставкаға шыққанда. Жеңілдіктің ерекше категориясын соғыс, әскери қызмет мүгедектері мен қаза тапқан әскерлердің отбасыларына көрсетіледі.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасылары туралы қайта келетін бір мәселе, ол 16 ақпан 2012 жылы қабылданған «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес үстемақы ерекше сипаттағы міндет қойылған әскери қызметшіге беріледі. Осыған байланысты әскери қызметшіге жеңілдік тікелей оның әскери қызметінің ауырлығына байланысты беріледі. Бұл көрсетулер әскери қызметшіні кез – келген уақытта қызметтік, соның ішінде соғыс қимылдарында тез шешім қабылдауда денсаулығы мен өмірін тәуелдікке салу арқылы шешуіне негізделеді. Сонымен қатар азаматтарға қарағанда әскери қызметшілер мен олардың отбасылары климаты нашар жерлерде тұру мен әскери қызметшінің өз отбасынан ұдайы әскери қызмет бойынша алыста жүруімен ерекшеленеді.

Жеңілдіктердің мазмұнын әскери қызметшінің әскери қызметтегі шені, әскери қызметте болған мерзімі құрайды.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасылары жеңілдіктерді әскери қызмет басталғаннан бастап, әскери қызметшіні әскери бөлімнің жеке құрамынан алып тастағанға дейін пайдаланады. Соған қарамастан кейбір жеңілдіктерді әскери қызметтен, сондай – ақ Қарулы Күштер қатарынан кеткеніне қарамастан әскери қызметшілер мен олардың отбасыларында сақталады.